

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2000 жылғы 2 наурыз N 347.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 Жарлығы мен "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 қарашадағы N 1693 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.28. N 1267 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен бұрынғы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің мүлкін 1999 жылғы 1 қазандағы жағдайы бойынша Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қарауына берсін.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.28. N 1267 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Солтүстік су құрылыс" Қазақстанның солтүстік және орталық облыстарында су шаруашылығы объектілерін салу жөніндегі аумақтық дирекция" мекемесі шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын (бұдан әрі - Кәсіпорын) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

5. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы:

1) республикалық және жергілікті инфрақұрылымдарды сумен қамтамасыз ету коммуникациялар және олардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің басқа да салаларында шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

2) табиғат қорғау саласында шаруашылық-өндірістік қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.28. N 1267 қаулысымен.

7. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 мамырдағы N 536 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 17, 180-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж. N 40, 343-құжат) бекітілген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 24-тармағының күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

2

н а у р ы з д а ғ ы

N

3 4 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы ЕРЕЖЕ

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.28. N 1267 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

2

н а у р ы з д а ғ ы

N

3 4 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті мемлекеттік мекемелерінің - аумақтық органдарының тізбесі

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.28. N 1267 қаулысымен.